

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесі жанындағы жиналысының
Хаттамасы №1**

25.08.2023ж

Ескіқорған ауылы

Қатысты: 8

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің тізбесін қалыптастыру.
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасына көмек беру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Қамқоршылық кеңеске» ата-аналар тарапынан ұсынылған М.Молдабаев сөзге шығып, «Қамқоршылық» кеңесінің тізбесін қалыптастыру, «Қамқоршылық» кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау керектігі туралы айтты. /қосымша тіркелді тізбе 1 бет/

Мектеп бойынша төмендегі 9 адамнан өтініш түскендігін атап өтті.

1. Оналбаева Диларам -№11 «Бәйшешек» бөбекжай бақшасының медбикесі
2. Жусипов Намаз-ата-аналар комитеті ұсынған, уақытша жұмыссыз,
3. Асанов Женисбек – Ақтөбе ауыл әкімі аппаратының спорт нұсқаушысы
4. Санакулов Фурхат –«Интер ГАЗ» жүйелі тұрба жүргізушісі
5. Джумакулова Гулжахан -№43 «Болашақ» жалпы орта мектебінің вахтеры
6. Тажибаев Шербай-Құйған ауылының имамы
7. Селтанов Ералы-«Келес ауданы бойынша С.Селтанов атындағы білім, спорт және бюджеттік мекемелері қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестіктің төрағасы Құдайбергенов Мұрат -Ақтөбе ауыл әкімшілігінің жергілікті полиция мойоры,
8. Қуанов Ахаджан- ата-аналар комитеті ұсынған, уақытша жұмыссыз,

Түскен өтініштер қабылданып, жауаптар қайтарылып, аудандық білім бөліміне жолданды. Ендігі мәселе «Қамқоршылық» кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау керектігі туралы айтылды.

Жарыссөзге Оналбаева Диларам шығып «Қамқоршылық кеңестің» төрағалығына ата-аналар комитеті ұсыныған Жусипов Намазды ұсынысақ деген пікірін білдірді. Ұсынысты кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдады.

Тажибаев Шербай сөзге шығып, «Қамқоршылық кеңес» отырысының хаттамасын Т.Тоғанова жүргізсе деген ұсынысын білдірді. Ұсыныс бір ауыздан мақұлданды.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ф.Санакулов сөзге шығып жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып

өтті.Қамқоршылық кеңестің мақсаты; Білім беру ұйымына қолдану көрсету қаржылық қолдануды қамсыздандыруда материалдық техникалық нығайтуына септесу сондай –ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты.Қамқоршылық кеңесінің жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті.

Жарыссөзге шығып Оналбаева Диларам кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып,осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болып,спонсорлардың мектептің материалдық базасының нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Үшінші мәселе бойынша мектептің тәлімгері Т.Тоғанова сөз алды, зерделеу барысында аз қамтылан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған,жартылай жетім,көпбалалы отбасыларының үйлеріне барып,қандай көмек керек екенін анықталды. 2023-2024 оқу жылына «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы аз қамсыздандырылған және көпбалалы отбасынан шыққан,жартылай жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармай қалуының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында «Мектеп жол»акциясы өтіп жатқандығын мәлімдеді..

Аталған әлеуметтік көмекке мұқтаж аз қамтылған 2 отбасы әлеуметтік жағдайы көрсетілген тізім кеңес мүшелеріне ұсынылды. Тізімде көрсетілген әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасының балаларына көмек көрсету керек екендігін кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдады.

Шешім:

- 1.Қамқоршылық кеңестің құрамы ауыстырылып,кеңес құрамы бекітілсін.
- 2.Жаңа оқу жылына арналған «Қамқоршылық»кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған,көп балалы отбасы, материалдық көмекке мұқтаж отбасы балаларына көмек беру жұмыстары жоспар бойынша жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Д.Оналбаева

Т.Тоғанова

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесі жанындағы жиналысының**

Хаттамасы №2

10.11.2023ж

Ескіқорған ауылы

Қатысқаны:8, қатыспады:2

Күн тәртібінде:

1.1-тоқсан барысында атқарылған жұмыстарды қорытындылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Д.Оналбаева сөзге шығып қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылының барысында атқарған жұмыстары туралы айтып өтті. Жалпы тоқсан барысында қамқоршылық кеңес мүшелері жоспарға сәйкес отырыстарға толық қатысты. Мектепте ұйымдастырылған қамқоршылық акцияларына, сонымен қатар, жыл бойы жүргізіліп отыратын «Мектепке жол» акциясына демеушілер іздестіріп, әлеуметтік көмекке мұқтаж 2 отбасының балаларына көмек қолын созды. Жалпы, алдағы уақытта да мектептегі түрлі мерекелер қарсаңында ұйымдастырылатын іс-шараларға жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларын назардан тыс қалдырмай қарастырылуын қамтамасыз етуіміз қажет деді.

Жарыссөзге қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Қуановсөзге шығып, материалдық жағдайына байланысты сабаққа қатыса алмай қалуының алдын алу мақсатында аз қамтылған отбасы балаларын назардан тыс қалдырмау керектігі туралы айтып өтті.

Шешім:

1. Жыл бойы орын алатын «Мектепке жол» акциясына көптеп демеушілер іздестірілсін.
2. Жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларын назарға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Д.Оналбаева

Т.Тоғанова

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің Қамқоршылық кеңесі мүшелерімен өткізілген
жиналысының
№ 3 х а т т а м а с ы**

28.12.2023 жыл

Ескіқорған ауылы

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп ұстаздары.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп меңгерушісінің 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы атқарған жұмыстарының есебі. *(Хабарламашы: Г.Ергашова, мектеп меңгерушісі м.у.а)*

Тыңдалды:

1. Мектеп меңгерушісі міндетін уақытша атқарушысы Г.Ергашова сөзге шығып, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережеге сәйкес жылына екі рет мектеп басшыларының қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында есеп беру жиыны өтетіндігін айта келе бүгінгі күні №45 бастауыш білім беретін мектебінің меңгерушісі Г.Ергашованың 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы есебіне жиналғанын айтып өтті.

2. Мектеп меңгерушісі міндетін уақытша атқарушысы Г.Ергашова сөзге шығып, 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды: 2023-2024 оқу жылының басында мектеп меңгерушісінің 02.08.2023 жыл күнгі № бұйрығымен «Мектепке жол шекарасыз жақсылық» атты акция 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өткізілгендігін, акция барысында әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы «ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес 5 категория бойынша, өзге де санаттағы табысы жоқ отбасыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар 3 отбасының 5 оқушы;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар саны-2;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар-жоқ;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар-жоқ;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілер саны-4 екендігі анықталып мемлекет есебінен атаулы әлеуметтік көмек алатын 5 білім алушыға қаржылай 40500 теңге көлемінде көмек берілсе, акцияға қатысушылар есебінен 2 оқушыға 40000 мың теңгелік мектеп формасы мен оқу құрал-жабдықтары берілгендігін айтып өтті.

2023-2024 оқу жылы басында тұл жетім, жартылай жетім, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын толыққанды оқулықпен қамту мәселесі қолға алынып, аталған отбасыдан шыққан балалар 100 пайыз оқулықтармен қамтылғандығын. Осы ретте айта кететін жайт, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде «Оқу сағаты» ұйымдастырылғандығын, Оқушыларымыздың өздерін қызықтыратын әдеби кітаптарды оқуға мүмкіндігі бар екендіктерін айтып өтті.

Мектептің қамқоршылық кеңес мүшелерінің демеушілік жасап мектепке алып берген заттарын атап өтіп, өз алғысын білдірді.

Жарсы сөзге: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Куанов, Ф.Санакулов шығып, мектеп меңгерушісінің берген есебін қанағаттанарлық деп есептейтіндіктерін және мектеп меңгерушісінің үнемі қамқоршылық кеңес мүшелерімен жұмыс жүргізетіндіктерін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Мектеп меңгерушісі міндетін уақытша атқарушысы Г.Ергашова 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төрайымы :



Г.Ергашова

Хатшы:



Т.Тоғанова